

Мурзинова Айгуль Сериковнаның
«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Ұлттық-мәдени стереотиптердің
ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын
тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» диссертациялық
жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Антропоэзектік бағытқа негізделген қазіргі тіл білімінің ұстанымдары бойынша әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) өзіндік даралығын олардың ұлттық-мәдени құндылықтары деректелген аксиологемалық стереотиптері арқылы айқындау айырықша мәнге ие болып отыр. Ғылым арнасына «жаңғырып» келген антропоэзектік бағыт бірінші орынға этномәдени ұжым мен этнотілдік сананы шығарады. Этнотілдік сананы этномәдени ұжым танымының нәтижесі деп түсіндіреді. Этнотілдік сана этномәдени ұжымның қоршаған болмысты тануы арқылы жинақталған дүние туралы дәстүрлі білімін жеткізудің жолы, сондықтан қазіргі тіл білімі аксиологемалық стереотиптің қатысымдық сипатымен қатар, мәдени, танымдық, құндылықтық сипаттарына айрықша мән беруді талап етеді.

Әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) тарихи дәуірі дәстүрлі мәдениетіне өзіндік үлесін қосады. Ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Ұлттық-мәдени құндылықтар қоршаған дүниені бағалауға негіз бола отырып, этностың тұрмыс-тіршілігіне мән-мағына береді. Әр этнос өзінің заттық-мәдени және рухани-мәдени құндылықтарын бағалау арқылы өмір сүру ұстанымдарын бекітеді. Бұл ретте ұлттық-мәдени стереотип этномәдени ұжымның бағыт-бағдар нұсқаушысы – Темірқазық қызметін атқарады. Ұлттық-мәдени стереотип – әр ұлттың этномәдени санасында орныққан дүние бейнесін сақтаған лингвомәдени құндылықтары арқылы танылады. Яғни, ұлттық-мәдени код элементтерінен тұратын аксиологемалық стереотиптер арқылы зерделенеді.

Өз ұлтының заттық және рухани құндылықтар дүниесін жете білмеген адам өзге мәдениетті сезіне алмайды. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» дегенде халық даналығы осыны пайымдатады.

ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Бәсекеге қабілетті тұлға, алдымен, өз халқының мәдениеті мен тілін білуі керек». «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білуі қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды». «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші

орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп атап көрсетеді.

Сондықтан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесіндегі аксиологемалық стереотиптер зерттеу нысанына алынып, жұмысымыздың бағытын анықтады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ұлттық-мәдени стереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның қарапайым, жалпыланған мінез-құлық үлгілері туралы вербалданған әрі бағалауыштық мәнге ие сендіру құралы болумен қатар, этномәдени ұжымның өзара мінез-құлықтарын ескере отырып, қарым-қатынасты жеңілдетуге бағытталған тілдік құрал. Әр дәстүрлі мәдениеттің өзіндік құндылықтар әлемі болады. Құндылықтар – мәдениеттің ажырамас бөлігі болып саналады. Әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) тілінде оның дүниетанымын айшықтайтын өзгеше ұлттық жүйесі құрылады. Яғни, әрбір ұлт өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы концептуалды дүние бейнесін ғана емес, сонымен бірге ұлттық-мәдени дүние бейнесін қалыптастырады. Сол этножүйеде ұлттық-мәдени стереотиптердің негізін қалайтын дүние бейнесі жатады. Осының нәтижесінде ұлттық-мәдени стереотиптер туындайды. Ұлттық-мәдени стереотип – ғасырлар бойы этнотілдік санада жинақталып, «таптаурындалған», этномәдени, этнотарихи төлқұжатқа айналған ұлттық-мәдени кодтық ұғым. Қазіргі тіл білімі ұлттық-мәдени нышанды тұрақты тілдік таңбаларды жеке дара күйінде зерттеуден гөрі оларды өзара байланысты этномәдени ақпарат көзі ретінде зерделеуге бет бұрған кезеңде, ұлттық-мәдени стереотиптер әлемін туыс емес *қазақ-орыс-ағылшын* тілі деректері тұрғысынан салғастыра-саралап, әр мәдениеттің өзіндік ерекшелігін айқындау, оның коммуникативтік сипатын таныту зерттеу жұмысының өзектілігін дәйектейді.

Ұлттық-мәдени стереотиптер – ғасырлар бойы тарих қойнауында сұрыпталған, этномәдени жадыда жатталған, ұлттық мәдениет кеңістігінде код түрінде өзектелген, этнос өкілдеріне ортақ аксиологиялық дүние бейнесі мен дүниетанымының іргетасын қалаған, этнотілде аксиологемалық стереотиптер арқылы таңбаланған, идеалданған бейне. Олар қазақ, орыс, ағылшын этномәдени ұжымының дәстүрлі білімдер жүйесіне сүйеніп, қоршаған дүниеге берген бағасы арқылы жасалады. Ұлттық-мәдени стереотиптерді қазақ-орыс-ағылшын дәстүрлі мәдениетін айшықтай, зерлей түсетін аксиологемалық стереотиптер арқылы зерделеу жұмысымыздың өзектілігін нақтылай түседі.

Зерттеудің нысаны – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің лингвомәдени құндылықтар жүйесіндегі ұлттық-мәдени стереотиптер.

Зерттеу пәні – вербалды қатынаста аксиологемалық стереотиптер арқылы бейнеленген ұлттық-мәдени стереотиптер.

Зерттеудің мақсаты. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лингвомәдени құндылықтар жүйесіндегі көрінісін анықтау, олардың вербалды қатынаста бейнелену жолдарын көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздерін саралай отырып, жаңа ғылыми парадигмалар жүйесіндегі орнын көрсету;

- ұлттық-мәдени стереотиптің «этнотілдік сана», «этномәдени сана», «ұлттық-мәдени код», «ұлттық діл», «аялық білім», «фрейм», «эталон», «символ», «хрематоним», «скриптоним» және т.б. ұғымдармен байланысын айқындап, лингвомәдени мәнін ашу;

- ұлттық-мәдени стереотиптерді этностың заттық және рухани құндылықтар дүниесін таңбалайтын аксиологемалық стереотиптер ретінде зерделеу;

- аксиологемалық стереотип түрлерін топтастырып, олардың жіктелімін жасау;

- аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттарын айқындап, коммуникативтік сипатын анықтау;

- хрематонимді (заттық мәдениет деректі) және скриптонимді (рухани мәдениет деректі) аксиологемалық стереотип түрлеріне талдау жасап, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеу әдістері

- аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттарының ерекшелігін айқындауға бағытталған салғастырмалы контрастивті әдіс;

- ұлттық-мәдени код элементтерінен тұратын аксиологемалық стереотиптерді жүйелеу, кластерлеу әдісі;

- мәтінде (көркем мәтін, медиамәтін) кездескен хрематонимді аксиологемалық стереотиптер мен скриптонимді аксиологемалық стереотиптерді интерпретациялық, ассоциациялық талдау әдістері.

Зерттеу материалы ретінде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі мәтіндерде (көркем мәтін, медиамәтін, т.б.) қолданылған аксиологемалық стереотиптер пайдаланылды. Хрематонимді аксиологемалық стереотиптер – 365. Соның ішінде «үй, баспана» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 79; «тұрмыстық зат» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 72; «вестонимдік» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 86; «гастронимдік» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 113; «музыкалық аспап» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 15. Скриптонимді аксиологемалық стереотиптер – 75. Соның ішінде «салт-дәстүр» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 35; «діни рәсім» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 20; «мереке» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 9; «ойын» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 11.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысында этнолингвистика мен лингвомәдениеттану тұрғысынан Ә.Қайдар, М.Копыленко, Ж.А.Манкеева, Н.Уәли, К.Н.Смағұлова, М.С.Атабаева, К.А.Құсманова, Ә.С.Әлметова, А.О.Тымболова, А.О.Кәріпжанова, шетелдік ғалымдар – Е.Бартминьский, Ж.Зинкен, ресейлік ғалымдар – Н.И.Толстой, С.М.Толстая, Л.Н.Виноградова, А.А.Плотникова, Е.В.Вельмезова, О.В.Белова, В.Н.Телия, Н.Ф.Алефиренко,

В.А.Маслова, В.В.Красных, Р.В.Бухаева, Л.В.Борисова, т.б. элеуметтік лингвистика тұрғысынан Б.Хасанұлы, Э.Д.Сүлейменова, Г.Т.Шоқым, А.Байғұтова, т.б. ресейлік ғалымдар – В.А.Рыжков, В.Б.Поповская, шетелдік ғалымдар – У.М.Квастхофф, Дж.Лакофф, лингвофилософия тұрғысынан Х.У.Патнэм, Р.Фаулер, Б.Фраден, лингвоаксиология тұрғысынан Г.И.Исина, З.К.Ахметжанова, ресейлік ғалымдар – Н.Н.Казыдуб, Е.А.Нахимова, Е.А.Андреева, Н.А.Сидорова, когнитивтік лингвистика тұрғысынан О.Жұбаева, А.Б.Әмірбекова, В.А.Косяков, лингвокоммуникация және лингвопрагматика тұрғысынан А.Қ.Таусоғарова, Н.О.Өтеген, Г.О.Сейдалиева, ресейлік ғалымдар – Ю.Е.Прохоров, С.Т.Тер-Минасова, Т.М.Николаева, Ю.Ю.Литвиненко, С.Е.Никитина, шетелдік ғалымдар – Д.Вигболдус, П. ван Каппеллен, т.б. зерттеулері негізге алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

- «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымы қазақ-орыс-ағылшын тілі деректері бойынша салғастырмалы бағытта кешенді түрде қарастырылды;

- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лингвомәдени құндылықтар жүйесіндегі салғастырмалы көрінісі анықталды;

- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттары айқындалып, вербалды қатынастағы бейнелену уәждері сипатталды, олардың салғастырмалы жіктелімі жасалды;

- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі заттық-мәдениет деректі (хрематонимді) және рухани мәдениет деректі (скриптонимді) аксиологемалық стереотип түрлеріне салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасалып, әр тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігі айқындалды;

- қазақ-орыс-ағылшын тілдеріндегі мәтіндерде қолданылған аксиологемалық стереотиптер (440 аксиологема) жинақталып, «Ispring» бағдарламасы негізінде сөздік құрастырылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Диссертациялық жұмыста дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесін айшықтайтын аксиологемалық стереотиптердің ерекшеліктері айқындалып, олардың вербалды қатынастағы бейнелену уәждері дәйектелді. Соның нәтижесінде әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) өзіне тән болмысы дараланып көрсетілді. Аталмыш ғылыми тұжырымдар салғастырмалы лингвомәдениеттаным, лингвоаксиология, лингвокоммуникация салалары бойынша ізденістерге белгілі дәрежеде үлес қоса алады.

Зерттеудің практикалық мәні. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерін салғастырмалы лингвомәдениеттаным, лингвоаксиология, лингвокоммуникация мәселелерін оқытуда теориялық материал ретінде қолдануға болады. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени код элементтерінен уәжделген хрематонимді және скриптонимді аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттарының талдану үлгісіне сүйеніп, лексикографиялық сөздік құрастыруға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- «стереотип» феномені кез келген мәдениеттің ажырамас элементі, сондықтан ол халықаралық қатынастарға тікелей әсер етеді. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптер – үш халықтың ұлттық, мәдени, діни, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, рухани өмірінің ерекшеліктерін бейнелейді және этномәдени санасының көрінісі болып табылады. Ұлттық-мәдени стереотипер ерекше аксиологиялық сипатқа ие болады, себебі кез келген этнос өкілінің әдет-дағдылары мен мінез-құлқы арқылы сол ұлтқа тән қасиеттер мен құндылықтар белгіленеді.

- «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымы: лингвомәдениеттанымдық – этноменталды және этновербалды құрылымдардан түзілген тұрақты тілдік таңба; лингвоаксиологиялық – заттық және рухани құндылықтар дүниесін сақтайтын тұрақты тілдік таңба; лингвокоммуникативтік – вербалды қатынасты жүзеге асыруға ықпал ететін тұрақты тілдік таңба ретінде қазақ-орыс-ағылшын тілі деректері бойынша салғастырмалы талдауға мүмкіндік береді;

- қазақ-орыс-ағылшын аксиологемалық стереотиптеріндегі заттық және рухани мәдениет көріністерін құрайтын хрематонимдер мен скриптонимдерді ұлттық-мәдени код ретінде тануға болады. Себебі олардың этноконнотациясын ашу арқылы тұрақты тілдік таңбаларда бекіген ұлттық-мәдени стереотиптер анықталады;

- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі аксиологемалық стереотиптер – тұрақты тілдік таңбалар ретінде бес құрылымдық қабаттан тұрады: заттық мәдениет деректі (хрематоним) және рухани мәдениет деректі (скриптоним) ұғымдар; тұрақты тілдік таңбалар бейнесін түзетін ұлттық-мәдени код; тұрақты тілдік таңбаларда бекіген ұлттық-мәдени фреймдер туралы аялық білім; тұрақты тілдік таңбалар семантикасы; тұрақты тілдік таңбалардың аксиологиялық мәндері. Осы қабаттарды салғастыра зерделеу арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктері көрінеді;

- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі аксиологемалық стереотиптер вербалды қатынаста танымдық-құндылықтық стратегиялар мен тактикаларды бейнелейтін ұлттық-мәдени нышанды тұрақты тілдік таңбалар болып табылады. Олар – коммуниканттың ниеті мен сезіміне (психологиялық деңгей), дүниетанымы мен аялық біліміне (когнитивтік деңгей), мінез-құлық әрекетіне (аффектілік деңгей) ықпал ететін экспрессиялық, эмоционалды-бағалауыштық, ассоциативті-бейнелі бірліктер.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлданыуы. Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша 10 мақала жарияланған. Соның ішінде 1 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, соның ішінде 3 мақала шетелдік конференцияларда, 1 мақала отандық конференция материалдар жинағында, 1 мақала халықаралық шетелдік журналда жарияланды. Диссертациялық жұмыс Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің

Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасында талқыланып, сараптамадан өтті және қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Кіріспе зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасын, өзектілігін, теориялық-әдіснамалық негіздері мен зерттелу деңгейін, пәнін, нысанын, мақсаты мен міндеттерін, жаңалығын, қорғауға ұсынылатын тұжырымдарын, зерттеу жұмысының жарияланымы мен мақұлданыуын, теориялық және практикалық маңыздылығын қамтиды.

Бірінші тарауда «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымын зерттеуге арқау болған әлемдік және отандық лингвист-ғалымдардың тұжырымдарына сараптама жүргізіліп, жаңа ғылыми парадигмалар жүйесіндегі орны сараланды.

Ұлттық-мәдени стереотиптің лингвомәдениеттану, лингвоаксиология, лингвокоммуникацияның метатілін құрайтын ұғымдармен байланысы бағамдалып, мәдени-танымдық-құндылықтық-коммуникативтік сипаттары анықталды. Антропологистердің стереотиптерді жіктеу ерекшеліктері талданып, аксиологемалық стереотип түрлері мен оларды топтастыру ұстанымдары жүйеленді.

Екінші тарауда қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі хрематонимді (заттық мәдениет деректі) және скриптонимді (рухани мәдениет деректі) аксиологемалық стереотиптердің түрлері мен құрылымдық қабаттарының бірегейлігі дәйектеліп, тілдік қатынастағы бейнелену уәжі анықталды.

Қорытынды зерттеу жұмысының тұжырымдары мен нәтижелерінің жалпы түйінін қамтыды.

Қосымша «Ispring» бағдарламасы бойынша Adobe Flash Player 11 форматында құрастырылған қазақ-орыс-ағылшын сөздігінен тұрады.